

Стратегиялық объектілерді иеліктен шығару және "Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 46 қаулысы.

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Үлбі металлургиялық зауыты" акционерлік қоғамына осы қаулыға қосымшада көрсетілген "Үлбі-ЖБҚ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына стратегиялық объектілерді иеліктен шығару жөнінде мәміле жасауға рұқсат берілсін.

2. "Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 330-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

"Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 76-жолмен толықтырылсын:

"

76.	"Үлбі-ЖБҚ"	ЖШС	қатысу	үлесінің	51	%
-----	------------	-----	--------	----------	----	---

".
;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

"Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 33-жолмен толықтырылсын:

"

33.	"Үлбі-ЖБҚ"	ЖШС	қатысу	үлесінің	49	%
-----	------------	-----	--------	----------	----	---

"

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2017 жылғы 10 ақпандағы

№ 46 қаулысына

қосымша

"Үлбі металлургиялық зауыты" акционерлік қоғамының "Үлбі-ЖБҚ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат етілетін стратегиялық объектілерінің тізбесі

Р/с №	Стратегиялық объект	Объектінің мекенжайы (орналасқан жері)
1	кадастрлық нөмірі 05:085:028:1009 жер учаскесінде орналасқан жалпы ауданы 8684,5 шаршы метр ғимарат 600 бөлігі (А-М 32-44 осьтері), кадастрлық нөмірі 05:085: 1009:028:1009:1	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Абай даңғылы 1009, № 102/30
2	ауданы 0,4636 га нысаналы мақсаты Солтүстік және Оңтүстік өнеркәсіптік алаңша орналастыру болып табылатын, бөлінетін, кадастрлық нөмірі 05:085:028:1009 жер учаскесі	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Абай даңғылы 1009, ғимарат № 102/30
3	ауданы 0,0650 га нысаналы мақсаты Солтүстік және Оңтүстік өнеркәсіптік алаңша орналастыру болып табылатын, бөлінетін, кадастрлық нөмірі 05:085:028:1015 жер учаскесі	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Абай даңғылы 1009, ғимарат № 102/32